



Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 9 наурыздағы № 96 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 6 сәуірде № 13571 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринария және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға, сондай-ақ бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы Министрінің
2016 жылғы 9 наурыздағы
№ 96 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1) "Жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөптік қоспаларды алып қоймай-ақ, міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және өңдеу жүргізілетін жануарлар ауруларының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 18-03/127 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7590 болып тіркелген, 2012 жылдың 26 мамырдағы "Егемен Қазақстан" газетінің № 269-273 (27347) санында жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөптік қоспаларды алып қоймай-ақ, міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және өңдеу жүргізілетін жануарлар ауруларының тізбесінде:

1-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) жануарлардың бірнеше түріне ортақ аурулар – цистицеркоз (аумағы 40 шаршы сантиметр ет кесіндісінде 3-тен артық емес цистицеркпен зақымданған), бруцеллез (ұсақ мал; ветеринариялық-санитариялық бағалау қорытындылары бойынша – ірі қара мал, шошқа, түйе, жылқы)*, туберкулез (ветеринариялық-санитариялық бағалау қорытындылары бойынша)*, Ауески ауруы (ветеринариялық-санитариялық бағалау қорытындылары бойынша)*, везикулярлі стоматит, лейкоз (ветеринариялық-санитариялық бағалау қорытындылары бойынша)*, лептоспироз, листериоз, пастереллез, паратуберкулез, кампилобактериоз, фузариотоксикоз, ку қызбасы;

Ескертпе: * ветеринариялық-санитариялық бағалау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 7-1/587 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11940 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.";

2) "Диагностикалық зерттеулерді жүргізу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 11 маусымдағы № 16-07/296 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9578 болып тіркелген, 2014 жылдың 1 қазандағы "Егемен Қазақстан" газетінің № 191 (28414) санында жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Диагностикалық зерттеулерді жүргізу қағидасында:

8, 9, 10 және 11-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Диагностикалық зерттеулерді жүргізу үшін биологиялық және патологиялық материалды қабылдауды жүзеге асыратын ветеринариялық зертхананың қызметкерлері мыналарды:

1) ілеспе құжаттардың бар-жоғын;

2) диагностикалық зерттеулерді жүргізу үшін биологиялық және патологиялық материалдың ілеспе құжаттарда көрсетілген деректерге (сынамалар саны, сынамалар нөмірлері; жануарлардың бірдейлендіру нөмірлері және сынаманы қадағалауды қамтамасыз етуге қажетті және диагностикалық зерттеулердің нәтижелеріне әсер ететін өзге деректер) сәйкестігін;

3) ілеспе құжаттарда (қан сынамаларын алу тізімдемелері) көрсетілген диагностикалық зерттеулерді жүргізуге арналған биологиялық материал санының ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордағы жануарлар басы санының (табын, топ, отар, шаруашылық жүргізуші субъекті және жануарлардың басқа да топтары) бар-жоғы туралы мәліметтерге сәйкестігін және табындағы, топтағы, отардағы, шаруашылық жүргізуші субъектідегі және жануарлардың басқа да топтарындағы жануарларды (Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 7-1/587 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11940 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларда көзделген жануарлар ауруының түріне және диагностикалық зерттеулердің жиілігіне байланысты) қамтуды бір уақытта зерттеу жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында алынған қан сынамалары санының жануарлар басы санына (табындағы, топтағы, отардағы, шаруашылық жүргізуші субъектідегі және жануарлардың басқа да топтарындағы) сәйкестігін;

4) диагностикалық зерттеулерді жүргізуге арналған биологиялық және патологиялық материалдың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 7-1/393 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11618 болып тіркелген) бекітілген Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын алу қағидаларына (бұдан әрі – Сынама алу қағидалары) сәйкестігін;

5) контейнерлердің, штативтердің және орау материалының бүтіндігін салыстырып тексереді.

9. Ветеринариялық зертхананың қызметкерлері диагностикалық зерттеулерді жүргізу үшін биологиялық және патологиялық материалдың ілеспе құжаттарын (қан сынамаларын алу тізімдемесін) салыстырып тексеру кезінде, бір жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде:

1) ұсынылған құжаттар мен материалдар осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген және Қағидалардың осы тармағының 2) тармақшасы орындалмаған жағдайда, төтенше жағдайлардың (жануарлардың аса қауіпті ауруларына күдіктену және олардың таралуы, жаппай улану) туындау жағдайларын қоспағанда, биологиялық және патологиялық материалды диагностикалық зерттеулер жүргізу үшін қабылдамайды;

2) ұсынылған құжаттар мен материалдар осы Қағидалардың 8-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, ілеспе құжаттардың (қан сынамаларын алу тізімдемесінің) көшірмесін (түпнұсқа қан сынамаларын жеткізген тұлғаға қайтарылады) қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімге биологиялық материалды (осы мерзім ішінде қалған жануарлар басынан (табындағы, топтағы, отардағы, шаруашылық жүргізуші субъектідегі және жануарлардың басқа да топтарында) алынған биологиялық материал сынамалары жіберілуі тиіс) сақтауға қабылдайды;

3) диагностикалық зерттеу жүргізу үшін биологиялық және патологиялық материалдарды қабылдайды.

10. Диагностикалық зерттеулерді жүргізу үшін биологиялық және патологиялық материалдарды қабылдауды жүзеге асыратын ветеринариялық зертхананың қызметкерлері диагностикалық зерттеулер жүргізу үшін биологиялық және патологиялық материалдарды қабылдамаған жағдайда, биологиялық және патологиялық материалды, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада диагностикалық зерттеулерді жүргізуге жарамсыздығы туралы хаттама толтырылады және ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) хабарлайды.

Осы Қағидалардың 9-тармағының 2) тармақшасына сәйкес келмеген жағдайда, аумақтық бөлімшеге жолданатын ақпаратта бес жұмыс күні ішінде тиісінше қалған жануарлар басынан (табын, топ, отар, шаруашылық жүргізуші субъекті және жануарлардың басқа да топтары) биологиялық материал сынамаларын жолдау және олар белгіленген мерзімдерде жолданбаған (ұсынылмаған кезде) биологиялық материалдың сынамасын кәдеге жарату жөнінде шаралар қабылдау қажеттілігі көрсетіледі.

Осы Қағидалардың 8-тармағының 4) тармақшасына сәйкес келмеген жағдайда, аумақтық бөлімшеге жолданатын ақпаратта бес жұмыс күні ішінде, Сынама алу қағидаларына сәйкессіздігі анықталған биологиялық және патологиялық материал сынамасының орнына биологиялық материалдың және патологиялық материалдың сынамасын жолдау қажеттілігі көрсетіледі.

Аумақтық бөлімше тиісті әкімшілік аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарын бес жұмыс күні ішінде қалған жануарлар басынан (табын, топ, отар, шаруашылық жүргізуші субъекті және жануарлардың басқа да топтары) биологиялық материал сынамасын ветеринариялық зерханаға жолдау қажеттілігі белгіленген мерзімдерде жолданбаған (ұсынылмаған кезде) биологиялық материал сынамасын кәдеге жарату жөніндегі шараны қабылдау және/немесе биологиялық және

паталогиялық материал сынамасын Сынама алу қағидаларына сәйкессіздігі анықталған биологиялық және паталогиялық материал сынамасының орнына жіберу қажеттілігі туралы хабарлайды.

11. Осы Қағидалардың 9-тармағының 2) тармақшасына сәйкес келмеу жағдайларын қоспағанда, диагностикалық зерттеулерді жүргізу үшін биологиялық және паталогиялық материалдарды қабылдаған жағдайда, диагностикалық зерттеулерді жүргізу үшін биологиялық және паталогиялық материалдарды қабылдауды жүзеге асыратын ветеринариялық зертхананың қызметкерлері, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада қабылдау актісі толтырылады.

Осы Қағидалардың 9-тармағының 2) тармақшасына сәйкес келмеген жағдайда, қабылдау–беру актісі бес жұмыс күні ішінде қалған жануарлар басынан (табын, топ, отар, шаруашылық жүргізуші субъекті және жануардың басқада топтары) биологиялық материал сынамасын алғаннан кейін толтырылады.

Осы Қағидалардың 9-тармағының 2) тармақшасына сәйкес келмеген жағдайда, қалған жануарлар басынан (табын, топ, отар, шаруашылық жүргізуші субъекті және жануарлардың басқа да топтары) бес жұмыс күні ішінде биологиялық материал сынамалары жолданбаған (ұсынылмаған кезде) ветеринариялық зертхана көрсетілген мерзім өткеннен кейін биологиялық материал сынамасын қан сынамаларын алу тізімдемесіне қол қойған мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың қатысуымен кәдеге жаратады, ол кәдеге жарату нәтижелері бойынша еркін нысанда жасалған тиісті қан сынамаларын кәдеге жарату актісіне қол қояды.

Ветеринариялық зертхана осы Қағидалардың 8-тармағының 4) тармақшасына сәйкес келмейтін биологиялық және паталогиялық материал сынамасының орнына бес жұмыс күні ішінде сынама жолданбаған (ұсынылмаған) кезде, көрсетілген уақыттың өтуіне байланысты аумақтық бөлімшені хабарландырады.

Аумақтық бөлімше Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 16-07/333 "Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың, мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлердің нұсқамаларының нысандарын, оларды жасау және беру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8862 болып тіркелген) бекітілген тәртіппен нұсқама бере отырып, тиісті әкімшілік аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдарын хабарландырады.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Диагностикалық зерттеулер жүргізу нәтижелері бойынша сараптама актісі (сынақ хаттамасы) беріледі.

Осы Қағидалардың 8-тармағының 4) тармақшасына сәйкес келген кезде, Сынама алу қағидаларына сәйкес келмейтіндігі анықталған биологиялық және паталогиялық

материал сынамасының орнына жолданған (ұсынылған) биологиялық және патологиялық материалдың сынама нәтижелері бойынша ғана сараптама актісі (сынақ хаттамасы) ресімделеді.";

3) "Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 16-07/332 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9639 болып тіркелген, 2014 жылғы 2 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және жүргізу қағидаларында:

1-тармақтың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

мынадай редакциядағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген, нормативтік құқықтық актілерге және жануарлардың ауру түріне жобаланатын, бекітілетін, жүргізілетін ветеринариялық іс-шараларға байланысты қолда бар жануарлар басын және табындағы, топтағы, отардағы, шаруашылық жүргізуші субъект және басқа топтастырылған жануарды бір уақытта ветеринариялық іс-шаралармен толық қамтылуын қамтамасыз ету.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Қан сынамаларын алу және оларды ветеринариялық зертханаларға тасымалдау (жеткізу) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 7-1/393 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11618 болып тіркелген) бекітілген Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын алу қағидаларына сәйкес ветеринариялық зертханадан алып қолданылған қан сынамаларын алатын вакуумдық жүйеге және осы қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қан алу актісі жасалады. Осы актіге осы қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алынған қан сынамалары бойынша тізімдеме қоса беріледі.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа, фермер қожалықтарында жануарлардан қан сынамаларын алу, ЖАО мекемесімен осы ауыл шаруашылық кәсіпорыны, шаруа, фермер қожалықтары еңбек келісім шарты бар ветеринариялық дәрігерлерге рұқсат етіледі.

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес мынадай редакцияда жазылсын.

өзгерістер енгізілетін
кейбір бұйрықтарына
қосымша
Жануарлардың аса қауіпті
ауруларына қарсы ветеринариялық
іс-шараларды жоспарлау
және жүргізу қағидаларына
4-қосымша

Нысан

Қ
и
ю
с
ы
з
ы
Ғ
ы
л
и
н
и
я
о
т
р
ы
в
а

бірінші бөлігі / часть первая

Қан сынамалары алынған жануарлар тізімі № _____

Опись животных по взятым пробам крови № _____

екінші бөлігі / часть вторая

_____ /
(дата, номер акта экспертизы
(протокола испытания))

Қан сынамалары алынған жануарлар тізімі № _____

Опись животных по взятым пробам крови № _____

Мал түрі / Вид животных _____

Аурудың атауы / Название
болезни _____

Жануардың жастық-жыныстық
тобы / _____

Половозрастная группа
животных _____

Саны, бас есебімен /
Количество голов _____

Кратность исследования: _____

Мал түрі / Вид животных _____

Аурудың атауы / Название
болезни _____

Жануардың жастық-жыныстық
тобы / _____

Половозрастная группа
животных _____

Саны, бас есебімен /
Количество голов _____

Кратность исследования: _____

(мал басының саны) (количество голов)	(зерттеудің жиілігі) (кратность исследования)	(мал басының саны) (количество голов)	(зерттеудің жиілігі) (кратность исследования)	(мал басының саны) (количество голов)	(зерттеудің жиілігі) (кратность исследования)	(мал басының саны) (количество голов)	(зерттеудің жиілігі) (кратность исследования)
---	---	---	---	---	---	---	---

(мал басының саны) (количество голов)	(зерттеудің жиілігі) (кратность исследования)	(мал басының саны) (количество голов)	(зерттеудің жиілігі) (кратность исследования)	(мал басының саны) (количество голов)	(зерттеудің жиілігі) (кратность исследования)	(мал басының саны) (количество голов)	(зерттеудің жиілігі) (кратность исследования)
(мал басының саны) (количество голов)	(зерттеудің жиілігі) (кратность исследования)	(мал басының саны) (количество голов)	(зерттеудің жиілігі) (кратность исследования)	(мал басының саны) (количество голов)	(зерттеудің жиілігі) (кратность исследования)	(мал басының саны) (количество голов)	(зерттеудің жиілігі) (кратность исследования)
Зерттеу мақсаты/ Цель исследования _____ Қан алынған күн/ Дата взятия крови _____				Зерттеу мақсаты/ Цель исследования _____ Қан алынған күн/ Дата взятия крови _____			

№	мал иесінің атауы немесе аты, жөні, тегі (бар болған жағдайда) / наименование или фамилия, имя, отчество (при его наличии) владельца животного	бірдейлендіру нөмірі / идентификационный номер	малдың жынысы / пол животного	малдың жасы / возраст животного	зерттеудің жиілігі / кратность исследований	реакцияның атауы / наименование реакции	
						№	

Мөр орыны / Место печати (при его наличии)

(ветеринария саласындағы мамандардың тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолдары, лауазымы / должность, фамилия, имя, отчество (при его наличии), подписи специалистов в области ветеринарии)

(тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының тегі, атын және әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы, лауазымы/должность, фамилия, имя, отчество (при его наличии), подпись государственного ветеринарно-санитарного инспектора

к Мөр орыны / Место печати (при его наличии)
и _____
ю (ветеринария саласындағы мамандардың тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолдары _____
с _____, лауазымы/должность, фамилия, имя, отчество (при его наличии), подписи специалистов в области ветеринарии)
ы _____
з _____
ы _____
л _____

и (тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы, лауазымы/должность, фамилия, имя, отчество (при его наличии), подпись государственного ветеринарно-санитарного

соответствующей
административно-территориальной единицы)

р инспектора соответствующей
ы административно-территориальной единицы)
в
а

Ескерту / Примечание:

1. Диагностикалық зерттеулерді жүргізу үшін ветеринариялық зертханаға жолданған қан сынамалары алынған жануарлар тізімі әрбір жануардың түріне және жастық-жыныстық тобына, жануардың ауру түріне жеке жасалады / опись животных по взятым пробам крови составляется отдельно по каждому виду животного и половозрастной группы, виду болезней животных, по которому направляется в ветеринарную лабораторию для проведения диагностических исследований.

2. Ветеринариялық зертханада қан сынамаларын қабылдап тіркеуді жүргізетін маман екінші бөлігін қиып алады және ветеринариялық зертханада қалады / часть вторая отрывается специалистом ветеринарной лаборатории, осуществляющим прием и регистрацию проб крови и остается в ветеринарной лаборатории, после завершения исследования вместе с актом экспертизы (протоколом испытания) передается ветеринарному врачу, а копия оставляется в ветеринарной лаборатории.

3. Бірінші бөлігі қан сынамаларын жеткізген тұлғаға қайтарылады / часть первая – возвращается, лицу, доставившему пробы крови.

4. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы ауыл шаруашылық жануарларын бірдейлендіру бойынша дерекқор базасымен қан сынамаларын алу актісінде, көрсетілген мал басы жөніндегі ақпаратты бір жұмыс күннен ішінде салыстырғаннан кейін қол қояды; табындағы, топтағы, отардағы, шаруашылық жүргізуші субъектідегі және жануарлардың басқа да топтарындағы жануарларды (ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларда көзделген жануарлар ауруының түріне және диагностикалық зерттеулердің жиілігіне байланысты) қамтуды бір уақытта зерттеу жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында алынған қан сынамалары санының жануарлар басы санына (табындағы, топтағы, отардағы, шаруашылық жүргізуші субъектідегі және жануарлардың басқа да топтарындағы) сәйкестігін/государственный ветеринарно-санитарный инспектор соответствующей административно-территориальной единицы по базе данных по идентификации сельскохозяйственных животных подтверждает в течение не более одного рабочего дня соответствие сведения о поголовье животных; соответствие количества взятых проб крови с наличием поголовья животных (гурт, стадо, отара, хозяйствующий субъект и другие группировки животных) с целью обеспечения охвата и одновременного проведения исследования имеющегося поголовья животных в гурте, стаде, отаре,

хозяйствующем субъекте и других группировках животных (зависит от вида болезней животных и кратности диагностических исследований, предусмотренных в ветеринарных (ветеринарно-санитарных) правилах).

5. Қан сынамалары алынған жануарлар тізімі бір нұсқада ұсынылады. Ветеринария саласындағы уәкілетті органның тиісті аумақтық ведомства бөлімшесінің және ветеринариялық зертхананың сынаманы қабылдайтын бөлімінің (бөлімшесінің) электрондық адресіне, Microsoft Excel форматындағы қан сынамалары алынған жануарлар тізімінің электрондық нұсқасын жолдайды/Опись животных по взятым пробам крови предоставляется в одном экземпляре. Электронная версия описи животных по взятым пробам крови в формате Microsoft Excel направляется на электронный адрес соответствующего территориального подразделения ведомства уполномоченного органа в области ветеринарии и отдела (подразделение) приема проб ветеринарной лаборатории.

№ _____

(қан сынамалары алынған жануарлар тізімі)/опись животных по взятым пробам крови

№ _____

(қан сынамалары алынған жануарлар тізімі)/опись животных по взятым пробам крови

(дата, номер акта экспертизы (протокола испытания))